

© А.И. Рзабай¹, Д.Н. Бекежанов^{2*}, Ф.З. Копбасарова³, 2026

^{1,3}М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

² І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан
(e-mail: ¹toty_r@mail.ru; ²bek_dauren@mail.ru; ³kopbasarova80@mail.ru)

МЕЛИОРАЦИЯЛАНҒАН ЖЕРЛЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аннотация. Мақалада мелиорацияланған жерлерді ұтымды пайдалануда кезіндегі құқықтық мәселелері қарастырылды. Жерді мелиорациялау ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру мен экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін маңызды құрал болып табылады. Зерттеудің мақсаты – мелиорацияланған жерлерді ұтымды пайдалануды құқықтық қамтамасыз етудің қазіргі жағдайын талдау, оның негізгі проблемаларын айқындау және осы саладағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар өзіндік. Мақалада ауыл шаруашылық саласындағы жерлерді, суларды, өсімдіктерді тиімді пайдалану, жердегі ресурстарды үнемдеу, ауыл шаруалық жерлердің қазіргі мәселелері, мемлекеттік бағдарламалары, жер саласын қаржыландыру тетігін негіздей отырып өзектілігін қарастырылған.

Зерттеу барысында мелиорацияланған жерлерді пайдалануға қатысты құқықтық реттеу мәселелеріне зерттеулер жүргізе отырып, мелиорацияның құқықтық анықтамасы, жер ресурстарын тиімді пайдалану, ауыл шаруашылық жерлерді тозуына жол бермеу, жер саласына байланысты құқықтық актілер жетілдіру, арнайы заңдар қабылдау туралы қорытынды мен ұсыныстар берілген. Мақаланың әдіснамалық негізін танымның жалпы ғылыми және арнайы ғылыми әдістері құрады. Ғылыми мақаланы жазу барысында құқықтық талдау, тарихи, синтез, индукция т.б. әдістерді кеңінен қолданылды. Зерттеу нәтижесіндегі ұсыныстар жер қатынастар саласында, жерлерді тиімді пайдалану, ауыл шаруашылық жерлерін тозу, жер заңнамасы мен жер қатынастар саласындағы құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу немесе арнайы заңдар қабылдаудың маңыздылығы қарастырылды.

Түйінді сөздер: құқықтық реттеу; рационалды пайдалану; жер қатынастары; экологиялық қауіпсіздік; ауыл шаруашылығы өндірісі; жер заңнамасы.

Кіріспе

Қазақстандағы мелиорацияны құқықтық реттеу мәселесінің өзектілігі айтарлықтай жоғары. Бұл мәселе елдің ауыл шаруашылығын дамыту, су ресурстарын тиімді пайдалану, топырақтың құнарлылығын сақтау және деградацияның алдын алу сияқты стратегиялық бағыттарымен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасы әлемнің басқа елдері сияқты табиғат құбылыстарының, шаруашылық және басқа да қызметтердің әсерінен жердің тозу, шөлейттену, бұзылулар ауқымының өсу тенденцияларымен сипатталады. Осы тенденцияларды барынша азайтуға бағытталған тиімді құралдардың бірі – мелиорация. Ол жерлердің сапалық сипаттамаларына оларды түбегейлі жақсарту бойынша гидротехникалық, мәдени, химиялық

және басқа да шараларды жүзеге асыру арқылы әсер етуді білдіреді. Мелиорация, жер, су және ауыл шаруашылығы салаларын қоса алғанда, мемлекеттік саясаты жүзеге асырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл саланың жоғары капитал сыйымдылығы мен табиғи ресурстарды көп тұтынуы рекултивациялық шараларды тиімді түрде жүзеге асыруды қиындатуы мүмкін.

Жерді мелиорациялауды қолданыстағы құқықтық реттеу бұл жерлерді тиімді пайдалануды және мелиоративтік кешеннің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмайды. Заңнамада көптеген олқылықтар мен қайшылықтар бар. Жерді абаттандыру іс-шараларын мемлекеттік қолдау бойынша құқықтық қатынастардың жеткіліксіз дамуымен сипатталады, мелиоративтік жүйелер мен бөлек орна-

* хат-хабарларға арналған автор. E-mail: bek_dauren@mail.ru.

ласқан гидротехникалық құрылыстарға меншік қатынастары құқықтық актілерде нақты белгіленбеген.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланың әдіснамалық негізін танымның жалпы ғылыми және арнайы ғылыми әдістері құрады. Жалпы ғылыми әдістер мелиорацияланған жерлерді ұтымды пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету мәселесін кешенді талдау үшін қолданылды: талдау мен синтез – мелиорация саласындағы заңнамалық нормаларды бөліктерге бөліп қарастыру және оларды тұтастай бағалау үшін. Жалпылау – зерттеу нәтижелерін жүйелеу мен негізгі қорытындыларды қалыптастыру мақсатында қолданылады. Дедукция мен индукция – жалпы заңдылықтардан жекелеген жағдайларға және нақты мысалдардан жалпы тұжырымдарға өту арқылы зерттеу жүргізу үшін. Тарихи әдіс ретінде жерлерді тиімді пайдаланудың тарихи дамуы мен қалыптасуы зерделенді. Салыстырмалы-құқықтық әдіс – Қазақстан Республикасының заңнамасын халықаралық тәжірибемен салыстыру және тиімді құқықтық тетіктерді анықтау мақсатында. Құқықтық модельдеу әдісі – мелиорацияланған жерлерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін жаңа құқықтық тетігін әзірлеу үшін. Құқықты түсіндіру әдісі – мелиорация саласындағы қолданыстағы заң нормаларын нақтылау және олардың қолданылу шеңберін анықтау үшін. Зерттеудің әдіснамасы мелиорацияланған жерлерді ұтымды пайдалануға бағытталған құқықтық, экономикалық және экологиялық аспектілерді жүйелі түрде зерделеуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында нормативтік-құқықтық құжаттар мен статистикалық мәліметтерге негізделген талдаулар жүргізіліп, қолданыстағы құқықтық нормалардың тиімділігі бағаланды.

Талқылау және нәтижелер

Шаруашылық және басқа да қызметтердің әртүрлі түрлерін (ауыл шаруашылығы өндірісі, ғимараттар, құрылыстар, құрылыстар, соның ішінде жолдар салу, тау-кен өндіру және т.б. салу) кезінде жерді табиғи ортаның ең маңызды

құрамдас бөлігі ретінде пайдалану міндетті түрде оның жағдайының нашарлауына әкеледі. Мұндай жағымсыз салдар жеке тұлғаның да, жалпы қоғамның да қызметіне толығымен тәуелді субъективті факторлармен анықталады.

Жерді мелиорациялау топырақтың өнімділігін арттыру, құнарлылығын сақтау және жақсарту, жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін тұрақты өндіруге жағдай жасау үшін жүргізіледі. Бұл шаралар ұтымды шаруашылық жүйесін қалыптастыруға, орман шаруашылығын кешенді түрде басқаруға, табиғи ресурстарды қорғауға, олардың қалпына келуін қамтамасыз етуге және тиімді пайдалануға бағытталған шаралар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінде жердің жай-күйіне жағымсыз әсер етуді және оны қорғау бойынша көзделген іс-шаралардың тиімділігін бағалау мемлекеттік сараптамалардың нәтижелері бойынша жүргізіледі¹.

Жердің құрылымын сақтау мен жақсарту осы мақсаттарға қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Жерді мелиорациялау ауыл шаруашылығы өнімділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар барлық табиғи аймақтарда әртүрлі ауайы жағдайында оның тұрақты дамуына негіз жасайды, ауыл шаруашылығы дақылдарының кепілдендірілген жоғары өнімін қамтамасыз етеді, ауыл шаруашылығы өндірісінің шарттарына түбегейлі өзгерістер енгізу егіншілікті сақтайды және жақсартады. Мысал ретінде, РФ «Мелиорация туралы» 1996 жылғы 10 қаңтардағы № 4-ФЗ Федералдық заңында жерді мелиорациялау саласындағы қызметтің құқықтық негіздері, жерді мелиорациялау шаралары, мемлекеттік органдардың жерді мелиорациялау қызметті реттеу жөніндегі өкілеттіктері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың жерлерді тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін құқықтары мен міндеттері айқындалған².

Сондай-ақ өзендердің, көлдердің, құмдардың, аңшылық алқаптардың, климаттық, термиялық, биологиялық, ландшафттық мелиорациялау және т.б.

¹ Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 кодексі // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442> (жүгінген күні: 20.06.2025).

² Федеральный закон "О мелиорации земель" от 10 января 1996 г. N4-ФЗ // URL: <https://base.garant.ru/10108787/> (дата обращения: 15.09.2024)

бар. Алайда, осы түрлердің барлығының ішінде мелиорация егжей-тегжейлі және арнайы құқықтық реттеуге жатады.

Біздің ойымызша, мемлекеттің географиялық орналасуы мен табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты, жердің тиімді пайдалану, жер ресурстарын басқару, жерді күтіп ұстау арқылы қоршаған ортаға теріс әсерін және зиянын келтірмейді.

Ауыл шаруашылығы жерлерді тиімді басқару қоршаған орта мен климат үшін жағымсыз салдарларды азайтуға бағытталған мелиорация шараларды дамытудың негізгі басымдығы болып табылады [1, 192 б.].

Бұл тұжырымда мелиорацияның ауыл шаруашылығы жерлерінің құрамында маңызды рөл атқаратынын растайды.

Алайда, Р. Ережепқызының ойынша, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді жеке шаруа қожалықтарына берген кезде, жердің күтіп ұстау, жердің мелиорация шараларына тікелей жауапты ретінде беру керек деп тұжырымдайды [2, р. 99].

Мелиорацияланған жерлер – бұл ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жақсарту үшін мелиорациялық шаралар (суғару, құрғату, топырақты тұзданудан тазарту, эрозияға қарсы жұмыстар) жүргізілген жерлер.

А.Х.Тажимаеваның тұжырымы бойынша өндірістің экологиялық қауіпсіз технологияларын ынталандыру және орман мелиорациялық, мелиорациялық және басқа да іс-шараларды жүргізу арқылы жердің тозуы мен бүлінуін, шаруашылық қызметтің басқа да қолайсыз зардаптарын болдырмау [3, 88 б.].

Табиғи ресурстарды жақсарту және олармен байланысты азаматтық-құқықтық шарттарды жасау мәселелерін қарастыра отырып, түбегейлі жақсартуға назар аударудың қажеті жоқ екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағытта тек көлемі мен құны жағынан елеусіз жұмыстарды алып тастауға әкелуі мүмкін, ол өз кезегінде мәдени-техникалық іс-шаралар сияқты мелиорацияның тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін. Бұл көзқарас бірнеше себептерге байланысты негізсіз деп есептеледі. Біріншіден, мелиоративтік шаралар ретінде танылатын кез келген абаттандыру жұмыстарының нәтижесі кей жағдайда

қысқа мерзімді сипатқа ие болуы мүмкін және бұл шараларды тұрақты түрде жүргізуді талап етеді. Мұндай жағдайда оны жерді қорғаудың басқа шараларынан ажырату мүмкін болмайды, себебі түбегейлі жақсарту белгісі негізгі болып табылатындықтан, мелиоративтік шаралар жерді қорғаудың кез келген шаралары ретінде қарастырылады. Екіншіден, мәдени-техникалық жұмыстар әрқашан мелиоративтік жұмыстардың бір бөлігі болып табылады, бірақ мемлекет оны су мелиорациясымен салыстырғанда әлдеқайда аз көлемде жүзеге асырады.

Б.В. Ерофеевтің айтуынша, мелиорацияның мақсаты – өсімдіктердің жоғары және тұрақты өнімін алу үшін қолайлы жағдай жасау, ол үшін мелиорацияланған жерлердің су режимін реттеуге бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылады [4, с. 406].

Шетелдерде (Швейцария, Германия) мелиорация түсінігі бірнеше ұғымда пайдаланылады. Швейцария заңнамасы бойынша: мелиорация және жерді жақсарту деп қолданылады [5, р. 370].

Сонымен қатар, Германия мен Австрия елдерінде заңдарында салыстырмалы түрде қарағанда сәйкестіктер байқалады [6, р. 92]. Дегенмен, біздің ойымызша, мелиорацияның мәні түбегейлі жақсартудың көрсеткішін дәл көрсетеді. «Жерді жақсарту» ұғымы кеңірек, оның ішінде түбегейлі ғана емес, жерді кез келген жақсартуға әкелетін шаралар.

Жерді түбегейлі жақсарту – біз қарастырып отырған құбылыстың жерге әсер ететін барлық басқа шаралардан ерекшеленетін басты белгісі. Уақытша деп аталатын шаралар (мысалы, жерді бойлай жырту, топырақтың құнарлы қабатын тереңдету) ұзақ мерзімді нәтиже бермейді және жүйелі түрде жүзеге асыруды талап етеді.

Бұл құқықтық актіде суармалы жерлердің жайы, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мен бағалауға, сондай-ақ мелиорациялық жерлер туралы ақпараттық деректер банкіні жүргізуге арналған негізгі ережелерді белгілейді. Олар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жай-күйін бағалау өлшемдерін, көрсеткіштерін және мамандандырылған мемлекеттік мекемелер атқаратын жұмыстардың көлемі мен құрамын анықтайды³.

³ Қазақстан Республикасында суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингін және оны бағалауды және

Суармалы жерлердің мемлекеттік мониторингі – бұл олардың мелиоративтік жай-күйінде болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау, суармалы жерлерді жақсарту және тиімді пайдалану бойынша ұсыныстарды бағалау мен әзірлеуге бағытталған.

Сонымен бірге, заңды анықтамаға сәйкес жердің құнарлылығын қалпына келтіру шараларының негізгі сипаттамасы олардың жүйелі түрде жүзеге асырылуында жатыр. Алайда, жерді қорғау бойынша қызмет ретінде мелиорацияның бұл ерекшелігі оның негізгі мақсатына қайшы келеді, өйткені мелиорация шаралары олардың нәтижелерін ұзақ мерзімді сақтау арқылы ерекшеленуі тиіс. Мелиорациялық тәжірибеге сүйене отырып, барлық мелиоративтік шаралардың жүйелілігі мен тұрақтылығының белгісі тек дренаждық және суару шараларымен ғана қанағаттандырылады, олар арқылы топырақтың қажетті су, қоректік және басқа режимдері үнемі қамтамасыз етіледі. Бұл олар туралы топырақ құнарлығын арттыру шаралары ретінде айтуға негіз береді [7, с. 38].

Бұл тұжырымдама бойынша, «жерді қорғау» және «топырақ құнарлығын арттыру» ұғымдары арасындағы айырмашылықты атап өту маңызды. «Жерді қорғау» ұғымы жер ресурстарын қалпына келтіру және сақтау шараларын қамтиды, бұл экологиялық оң әсер беріп, қоршаған ортаның жақсаруына ықпал етеді. Ал «топырақ құнарлығын арттыру» ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында топырақтың өнімділігін жақсартуға бағытталған шараларды білдіреді [8, с. 33]. Осылайша, мелиорация – бұл тек жерді қорғауға қатысты шаралар ғана емес, топырақтың құнарлығын арттыру мақсатында да жүзеге асырылатын шаралар кешені. Тәжірибеде мелиорация көбінесе бірінші және екінші сапада бір мезгілде әрекет етеді. Мұндай шараларды іс жүзінде нақтырақ бөлуге мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрында жер учаскелері туралы ақпаратты (мысалы, олардың нақты пайдаланылуы туралы) барынша толық көрсету ықпал ете алады, бірақ бұл әлі заңнамада

қарастырылмаған.

Бұл ұсыныс жер мен ауыл шаруашылығы заңнамасының арасындағы үйлесімділікті нығайтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Мелиорацияның екі жақты мақсаты — топырақ құнарлылығын арттыру және жерді қорғау — заңнамалық тұрғыдан дұрыс ескерілмей отыр. Қазіргі уақытта мелиорация тек ауыл шаруашылығы заңнамасында топырақты ұлғайту шарасы ретінде қарастырылса, жер заңнамасында бұл шара жерді қорғау аспектісінде ғана қарастырылады. Бұл жағдай мелиорацияның экологиялық салдарын толық ескермейді.

«Мелиорация туралы» Заңын қабылдау мақсаты мелиоративтік жобалардың міндетті экологиялық сараптамасын енгізу мелиорацияның экологиялық әсерін бағалау үшін қажетті шара бола алады. Бұл қадам Қазақстан Республикасының Жер кодексінде⁴ жерді қорғау жөніндегі іс-шаралардың экологиялық талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс екендігін анықтайды. Мұндай өзгерістер жер және ауыл шаруашылығы заңнамасының өзара үйлесімділігін арттырып, экологиялық қауіпсіздік пен топырақтың құнарлығын сақтау мәселелерін тиімді шешуге ықпал етеді. Мелиорацияны күшті табиғатты өзгертуші фактор ретінде қарастыру жағдайында оның жерді ұтымды пайдалануға тәуелділігі мәселесі ерекше маңызға ие. Жер учаскелерінің мелиорациялық жай-күйі, олардың табиғи және ирригациялық-шаруашылық жағдайлары бойынша сапалық сипаттамаларын бағалау туралы, оларды пайдаланудың есебі туралы мәліметтер жүйесін құрайтын суармалы жердің мелиорациялық кадастры болып табылады [9, 60 б.]. Олай болса, жерді қорғамай, оны ұтымды пайдалану мүмкін емес, кері процесс – жерді ұтымды пайдаланбай қорғау мүмкін емес сияқты. Құнарлылықтың сақталуы мен арттырылуы топырақтың экологиялық, агрономиялық және құқықтық тұрғыдан дұрыс реттелуі арқылы қамтамасыз етілуі тиіс. Сондықтан мелиорацияның құқықтық аспектілері, әсіресе топырақтың жоғарғы қабатын қорғау және оның құнарлығын арттыру бойынша шаралар заңна-

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің мелиорациялық жай-күйі туралы ақпараттық деректер банкін мемлекеттік жүргізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014227> (жүгінген күні: 05.01.2025).

⁴ Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 кодексі // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442_ (жүгінген күні: 21.06.2025).

малық тұрғыда нақты түрде қарастырылуы керек. Топырақтың құнарлылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жерді пайдалану мен қоршаған ортаға теріс әсерін минимизациялау үшін қажет, бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығының тұрақтылығын қамтамасыз етеді [10, с. 204].

Ғылыми әдебиеттерде мелиорация тек топыраққа әсер етеді деген тар көзқарас бар. Мелиорациялық шаралар тек ауыл шаруашылығында ғана емес, сонымен қатар халық шаруашылығының басқа салаларында да ескерілуі тиіс. Бұл әсіресе табиғаттың барлық компоненттерінің өзара байланысы мен тәуелділігіне қатысты. Өйткені мелиорация табиғи ресурстардың кешенді пайдаланылуын көздейді. Сондықтан мелиорация барысында тек жердің ғана емес, сондай-ақ су, жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар әлемі сияқты басқа да табиғи ресурстардың жағдайы мен экологиялық балансы да ескерілуі керек.

Жерді мелиорациялаудың түрлеріне сүйене отырып, мелиорацияланатын және мелиорацияланатын жерлердің мынадай сорттарын бөліп көрсетуге болады: гидромелиорация жүргізілген немесе жүргізілетін жерлер (суармалы, құрғатылатын жерлер, эрозияға қарсы мелиорацияға ұшыраған жерлер және т.б.), химиялық (фосфорлануға, әктелуге және т.б. ұшыраған жерлер), мәдени-техникалық мелиорация, агроорман мелиорациясы (пайдалы мелиорацияға ұшыраған жерлер және т.б.). Қазақстан Республикасы суландыру және құрғату шараларын алды. Бұл жағдай көбіне кеңестік дәуірдегі кең ауқымды, кейде ғылыми негіздемесімен су мелиорациясын жүзеге асыру саясатымен байланысты. Бүгінгі таңда елімізде 1,9 миллион гектар суармалы жердің тек 16 пайызы ғана пайдаланылуда, бұл қазіргі нақты жағдайда өте қолайсыз. Басқа елдерде бұл көрсеткіштер әлдеқайда жоғары. Мәселен, Нидерландыда мелиорацияланған жер көлемі жалпы егістік алқаптың 100%, АҚШ-та - 60%, Жапонияда - 58%, Германияда - 50%, Иранда - 37%, Үндістанда - 34% құрайды [11].

Мелиорация жері мен суармалы жердің айырмашылығы олардың анықтамаларында, қолданылу мақсаттарында және ерекшеліктерінде жатыр. Мелиорация

жері – бұл мелиорациялық шаралар жүргізілген немесе жүргізілуі жоспарланған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер. Бұл жерлер табиғи жағдайларын жақсарту мақсатында арнайы өңдеуден өтеді. Ерекшеліктері: Мақсаты: Табиғи немесе антропогендік факторлардың әсерінен деградацияға ұшыраған жерлердің құнарлылығын қалпына келтіру. Мелиорациялық шаралар: Суғару (су тапшылығын шешу); Суды бұру (батпақтанудан қорғау); Топырақтың тұздануын жою; Эрозияның алдын алу (орман белдеулері, құрылғылар). Бұл жерлер мелиорацияға дейін ауыл шаруашылығында тиімсіз пайдаланылған немесе мүлдем қолданылмаған болуы мүмкін.

Суармалы жер – бұл ауыл шаруашылығы өндірісінде арнайы суғару жүйелері арқылы қосымша су берілуін қажет ететін жерлер. Бұл жерлер су тапшылығы байқалатын немесе табиғи жауын-шашын мөлшері жеткіліксіз болатын аймақтарда қолданылады [12, с. 312].

Ерекшеліктері: Мақсаты: Егін шаруашылығын тиімді жүргізу және өнімділікті арттыру. Су көздері: Арнайы каналдар, құбырлар, су қоймалары, артезиандық құдықтар арқылы су жеткізіледі. Суармалы жер әдетте мелиорация жерінің бір бөлігі болуы мүмкін, бірақ барлық суармалы жерлер мелиорация жері болып саналмайды. Мелиорация жері – бұл табиғи немесе антропогендік себептермен деградацияға ұшыраған жерлердің жағдайын жақсарту үшін кешенді шаралар қолданылатын жерлер. Ал суармалы жер – ауыл шаруашылығында суғару арқылы өнімділік арттыру мақсатында пайдаланылатын жерлер.

Суармалы жер мелиорация жерінің бір бөлігі болуы мүмкін, бірақ олардың қызметі мен тәсілдері әртүрлі. Мелиорацияланған жерлер мен басқа да мелиорация объектілерінің құқықтық режимінің ерекшеліктері осы объектілердің ауыл шаруашылығы мақсатында тиімді пайдаланылуын, олардың экологиялық және экономикалық рөліне байланысты реттелуін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстанда мелиорация туралы арнайы заңның болмауы бұл мәселені кешенді түрде шешуді қиындатады, бірақ кейбір құқықтық нормалар басқа заңнамаларда көрініс табады. Құқықтық режимнің

ерекшеліктері: Мақсатты пайдалану: Мелиорацияланған жерлер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жатады және оларды тиімді пайдалану міндеттеледі. Бұл жерлерді ауыл шаруашылығынан басқа мақсаттарға ауыстыру заңнамамен шектелуі немесе арнайы рұқсат талап етілуі мүмкін. Жер учаскесіне құқық: Жер кодексіне сәйкес, мелиорацияланған жерлердің меншік иелері немесе жер пайдаланушылар осы жерлерді сақтау және мелиорациялық құрылыстарды тиісті деңгейде ұстап тұруға міндетті. Жерді мелиорациялау мәселелері бойынша ҚР Үкіметінің қаулысында мелиорациялық жүйелерді және жеке орналасқан гидротехникалық құрылыстарды жобалау, құрылысын салу, пайдалану мен қайта құру, жайылымдарды суландыру, қорғаныш алқа ағаш жүйесін құру, дақылтехникалық жұмыстарын, топырақтың химиялық, физикалық сапасын жақсарту жұмыстарын жүргізу, көрсетілген жұмыстарды ғылыми және өндірістік-техникалық қамтамасыз ету⁵ деп көрсетілген.

Егер жер пайдаланушы мелиорацияланған жерді ұтымсыз немесе заңсыз пайдаланса, жер пайдалану құқығы қайтарып алынуы мүмкін. Экологиялық талаптар: Мелиорацияланған жерлерді пайдалану кезінде экологиялық нормалар сақталуы тиіс. Бұл топырақтың ластануын, тұздануын, немесе деградациясын болдырмауға бағытталған. Мемлекеттік бақылау: Жер ресурстарын басқару органдары мелиорацияланған жерлердің тиімді және мақсатқа сай пайдаланылуын бақылайды. Қажет болған жағдайда мемлекет есебінен мелиорациялық жұмыстар жүргізіледі немесе субсидиялар беріледі.

Мелиорация объектілері – бұл мелиорациялық жұмыстарды жүргізу үшін салынған немесе пайдаланылатын құрылыстар, жабдықтар және инфрақұрылымдар (суғару каналдары, құрғату жүйелері, су қоймалары, сорғы станциялары, дренаж жүйелері). Мелиорацияланған жерлер мен объектілердің құқықтық режимі олардың арнайы мақсаттарын, ауыл шаруашылығы тиімділігін арттыру және табиғи ресурстарды қорғау қажеттілігін ескере отырып реттеледі. Мелиорация объектілері –

мемлекет пен қоғамның стратегиялық ресурсы, олардың техникалық жағдайы мен тиімді жұмысы құқықтық реттеудің негізгі нысандарының бірі болып табылады.

Қазақстанда мелиорация туралы заңның қабылдануы бұл құқықтық режимдерді нақтылау мен жетілдіруге ықпал етеді. Жерді мелиорациялау кезінде экологиялық талаптар мен кешенді тәсілді ұстану қажет, себебі табиғаттағы бір өзгеріс басқа компоненттерге әсер етуі мүмкін. Мысалы, Полес батпақтарының құрғауы немесе Арал теңізінің кебуі сияқты жағдайлар ғылыми негізделген тәсілдермен жүзеге асырылмаған мелиорациялық іс-шаралардың жағымсыз салдарын көрсетеді. Рекультивацияның мақсаттары, біз көріп отырғанымыздай, мыналарды қамтуы керек: топырақ құнарлылығын сақтау мен арттыруды қамтамасыз ету, бұзылған, тозған және басқа да келеңсіз құбылыстарға ұшыраған жерлерді қалпына келтіру, жерлерге, оның ішінде топыраққа теріс әсер етудің алдын алу. Біздің ойымызша, бұл мақсаттар бастапқы, негізгі ережелер ретінде жеке бап түрінде емес, «мелиорация» ұғымының нақты заңнамалық анықтамасында көрсетілуі керек, анықтамасы нақты және түсінікті болғанда, заң нормаларын дұрыс қолданылады.

Қорытынды

Қазақстанда мелиорацияны құқықтық реттеудің маңыздылығы өте жоғары, себебі бұл ауыл шаруашылығының тиімділігін арттырып, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, жер және су ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда елде мелиорация саласын тікелей реттейтін заңның болмауы маңызды мәселелерді шешуде қиындықтар туындатуда. Мелиорацияны құқықтық тұрғыдан реттеу: Жер ресурстарын тоздырмау, ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға, табиғи ресурстарды сақтауға, экологиялық мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, жерді тиімді пайдалану арқылы жер ресурстарын жақсартуға арналған шарларды тиімді ұйымдастыру арқылы табиғи ресурстарды сақтап қалу маңызды болып табылады.

⁵ Бөгеттердің қауіпсіздігі және жерді мелиорациялау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Су, Қылмыстық кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1296 қаулысы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070001296> (жүгінген күні: 21.06.2025).

Сондықтан, «Мелиорация туралы» заңның қабылдануы Қазақстанның жер, аграрлық және экологиялық саясатындағы маңызды қадам болады. Бұл заң: салада нақты құқықтық негіз қалыптастырады; мелиорацияның шараларды тиімді ұйымдастыру, жер ресурстарын тозуын алдын алу; ауыл шаруашылық өнімдерін молайту, экологиялық жағдайды жақсарту, жер ресурстарын тиімді пайдалану және басқару, су және жер қорғауды қамтамасыз етеді.

Жер кодексінің 12-ші бабына мынандай анықтама енгізуді ұсынамыз: Мелиорация – жерді ресурстарын тиімді

пайдалану, жер айналымын басқару жүйесі, жердің экологиялық жағдайын жақсарту үшін жасалатын жұмыстарының жиынтығы.

Қазақстан Республикасында экономикалық және экологиялық жағдайында мелиорацияны құқықтық реттеу кешенді әрі жүйелі тәсілдерді талап етеді. Мемлекет тарапынан мелиорация шараларды жүйелі жұмыстар жүргізілсе, Жер ресурстарын қорғау арқылы ауыл шаруашылығын дамыту мен экологиялық тұрақтылығын дамытуға негіз болады.

Әдебиеттің тізімі:

1. Елікбай М. Қазақстан Республикасының жер құқығы. Оқулық. Алматы: Эверо, 2022. 260 б.
2. Yezhepkyzy R., Bekisheva S.D., Bekezhanov D.N. Problematic issues of law enforcement in the provision of land plots // Law and the State. 2025. №1(106). P.97-108.
3. Тажибаева А.Х. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Оқу-әдістемелік құрал. Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2018. 153 б.
4. Ерофеев Б.В. Земельное право России. Учебник для вузов. М., 2022. 571 с.
5. Gieba K. A post-german city as a palimpsest in contemporary prose of the lubuskie land // Polish Review. 2022. №67(2). P.50–63.
6. Black B., Adde A., Farinotti D., Zekollari H., Grêt-Regamey A. Broadening the horizon in land use change modelling: Normative scenarios for nature positive futures in Switzerland // Regional Environmental Change. 2024. №24(3). P.115-118.
7. Еркінбаева Л.К., Қалдарбекұлы Ө. Актуальные проблемы принудительного изъятия земельного участка для государственных нужд в Республике Казахстан и зарубежных странах // Наука и жизнь Казахстана. 2018. №2. С.37–42.
8. Джабаилдаева Г., Рзабай А.И., Бекежанов Д.Н. Проблемы правовой охраны земель в Республике Казахстан // Международный научный журнал «ҒЫЛЫМ — НАУКА». 2021. №3(70). С.32-38.
9. Тасанова Ж.Б. Жер ресурстарын басқару. Оқу құралы. Алматы: Альманахъ, 2019. 104 б.
10. Боголюбов С.А. Земельное право. Учебник для вузов. 10-е изд., перераб. и доп. М.: Юрайт, 2025. 276 с.
11. Sokolov A.Yu., Korolev S.Yu. Ensuring rational land use as a key factor of food security of the russian federation: legal aspect // Gosudarstvo i Pravo. 2023. Vol. 2023. №12. P.102–109.
12. Туленова А.М., Бектурганова А.Е., Айгаринова Г.Т., Рысмахан Г.Б. Проблемы и задачи совершенствования системы управления земельными ресурсами в Республике Казахстан // Вест. ун-та Туран. Сер. Право. 2024. №1. С.310 – 322.

© А.И. Рзабай¹, Д.Н. Бекежанов², Ф.З. Копбасарова³, 2026

^{1,3}Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
² Жетысусский университет имени И. Жансугурова, Талдықорған, Казахстан
 (e-mail: ¹toty_r@mail.ru; ²bek_dauren@mail.ru; ³kopbasarova80@mail.ru)

ПРАВОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕЛИОРИРОВАННЫХ ЗЕМЕЛЬ

Аннотация. В статье рассмотрены правовые проблемы рационального использования мелиорированных земель. Мелиорация земель является важным инструментом для повышения продуктивности сельского хозяйства и поддержания экологического баланса. Целью исследования является анализ современного состояния правового обеспечения рационального использования мелиорированных земель, выявление его основных проблем и выработка предложений по совершенствованию законодательства в данной сфере. В статье рассмотрены актуальные проблемы рационального использования земель, вод, растительности в сфере сельского хозяйства, сохранения земельных ресурсов, также современные проблемы сельскохозяйственных угодий, государственные программы, с обоснованием механизма финансирования земельной отрасли. В ходе исследования были даны рекомендации и заключение по правовому определению мелиорации, эффективному использованию земельных ресурсов, недопущению деградации сельскохозяйственных земель, совершенствованию правовых актов, связанных с земельной отраслью, принятию специальных законов с проведением исследований по вопросам правового регулирования использования мелиорированных земель. Мето-

дологическую основу статьи составили общенаучные и специальные научные методы познания. При написании научной статьи широко использовались методы правового анализа, исторического, синтеза, индукции и др. Предложения, полученные в результате исследования, являются важными в области земельных отношений, эффективного использования земель, деградации сельскохозяйственных земель. Вместе с тем, предложены внесение изменений в земельное законодательство и правовые акты в области земельных отношений либо принятия специальных законов.

Ключевые слова: правовое регулирование; рациональное использование; земельные отношения; экологическая безопасность; сельскохозяйственное производство; земельное законодательство.

© A.I. Rzabay¹, D.N. Bekezhhanov², F.Z. Korbassarova³, 2026

^{1,3} Taraz University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

² Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

(e-mail: ¹toty_r@mail.ru; ²bek_dauren@mail.ru; ³kopbasarova80@mail.ru)

LEGAL SUPPORT FOR THE RATIONAL USE OF RECLAIMED LANDS

Abstract. The article discusses the legal problems of rational use of reclaimed lands. Land reclamation is an important tool for increasing agricultural productivity and maintaining ecological balance. The purpose of the study is to analyze the current state of legal support for the rational use of reclaimed lands, identify its main problems and develop proposals for improving legislation in this area. The article discusses the current problems of rational use of lands, waters, vegetation in agriculture, conservation of land resources, as well as modern problems of agricultural land, government programs, with justification of the financing mechanism of the land industry. The study provided conclusions and recommendations on the legal definition of land reclamation, the effective use of land resources, the prevention of degradation of agricultural land, the improvement of legal acts related to the land industry, the adoption of special laws with research on the legal regulation of the use of reclaimed land. The methodological basis of the article consists of general scientific and special scientific methods of cognition. When writing a scientific article, the methods of legal analysis, historical analysis, synthesis, induction, etc. were widely used. The proposals received as a result of the study are important in the field of land relations, efficient use of land, and degradation of agricultural land. At the same time, amendments to land legislation and legal acts in the field of land relations or the adoption of special laws are proposed.

Keywords: legal regulation; rational use; land relations; environmental safety; agricultural production; land legislation.

References:

1. Elikbai M. Kazakhstan Respublikasynyn zher kuckygy. Okulyk. Almaty: Jevero, 2022. 260 b.
2. Yerezhpekzy R., Bekisheva S.D., Bekezhhanov D.N. Problematic issues of law enforcement in the provision of land plots // Law and the State. 2025. №1(106). P.97-108.
3. Tazhibaeva A.H. Kazakhstan Respublikasynyn Zher kuckygy. Оқу-adistemelik kural. Kostanai: A.Baitursynov atyndagy KМУ, 2018. 153 b.
4. Erofeev B. V. Zemelnoe pravo Rossii. Uchebnik dlya vuzov. M., 2022. 571 s.
5. Gieba K. A post-german city as a palimpsest in contemporary prose of the lubuskie land // Polish Review. 2022. №67(2). P.50-63.
6. Black B., Adde A., Farinotti D., Zekollari H., Grêt-Regamey A. Broadening the horizon in land use change modelling: Normative scenarios for nature positive futures in Switzerland // Regional Environmental Change. 2024. №24(3). P.115-118.
7. Erkinbaeva L.K., Kaldarbekuly O. Aktualnye problemy prinuditelnogo izyatiya zemelnogo uchastka dlya gosudarstvennyh nuzhd v Respublike Kazahstan i zarubezhnyh stranah // Nauka i zhizn Kazahstana. 2018. №2. S.37- 42.
8. Dzhabaildaeva G., Rzabay A.I., Bekezhhanov D.N. Problemy pravovoi ohrany zemel v Respublike Kazahstan // Mezhdunarodnyi nauchnyi zhurnal «GYLYM — NAUKA». 2021. №3 (70). S.32-38.
9. Tasanova Zh.B. Zher resurstaryn baskaru. Oku kuraly. Almaty: Almanah, 2019. 104 b.
10. Bogolyubov S.A. Zemelnoe pravo. Uchebnik dlya vuzov. 10-e izd., pererab. i dop. M.: Yurait, 2025. 276 s.
11. Sokolov A.Yu., Korolev S.Yu. Ensuring rational land use as a key factor of food security of the russian federation: legal aspect // Gosudarstvo i Pravo. 2023. Vol. 2023. №12. P.102-109.
12. Tulenova A.M., Bekturganova A.E., Aigarinova G.T., Rysmahan G.B. Problemy i zadachi sovershenstvovaniia sistema upravleniia zemelnymi resursami v Respublike Kazahstan // Vest. un-ta Turan. Ser. Pravo. 2024. №1. S. 310 -322.

Авторлар туралы мәліметтер:

Рзабай Ақтоты Иманғазықызы – философия докторы (PhD), М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, И. Сулейменов көшесі, 7а, 080000, Тараз, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2243-6804>;

Scopus Author ID: 57208207132;

E-mail: toty_r@mail.ru.

Бекежанов Даурен Нуржанұлы – хат-хабарларға арналған автор, философия докторы (PhD), I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры, I. Жансүгіров көшесі, 187А, 040009, Талдықорған, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9858-841X>;

Scopus Author ID: 57197815938;

E-mail: bek_dauren@mail.ru.

Копбасарова Феруза Закировна – құқық магистрі, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің мемлекеттік және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы, И. Сулейменов көшесі, 7а, 080000, Тараз, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-6931-6515>;

Scopus Author ID: 57882130900;

E-mail.ru: kopbasarova80@mail.ru.

Алғыс. Авторлар сарапшылық пікірі мен сындарлы көзқарасы үшін рецензенттерге алғыс білдіреді.

Дәйексөз келтіру үшін. Рзабай А.И., Бекежанов Д.Н., Копбасарова Ф.З. Мелиорацияланған жерлерді ұтымды пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. 2026;81(1): 109-118. DOI – https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_109.

Авторлардың қосқан үлесі:

Рзабай А.И. - мәтінді бағалау арқылы мақаланың мазмұнына талдау жүргізді, кіріспе, содан кейін мақаланың күшті және әлсіз жақтарын анықтады.

Бекежанов Д.Н. - мақаланы жазуға айтарлықтай үлес қосты, зерттеу әдістері, ақпараттарды талдау, сонымен қатар зерттеу нәтижелерін қалыптастырды. Мақаланың мәтінін дайындады.

Копбасарова Ф.З. - зерттеу қорытындыларын қалыптастыру бойынша сындарлы ұсыныстар ұсынды.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын туралы мәлімдейді.

Қаржыландыру көзі. Авторлар зерттеу жүргізу кезінде қаржыландырудың жоқтығын туралы мәлімдейді.

Мақала редакцияға келіп түсті: 02.02.2025; рецензиялаудан кейін келіп түсті: 30.06.2025; басып шығаруға қабылданды: 31.03.2026.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

Сведения об авторах:

Рзабай Актоты Имангазықызы – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Таразского университета имени М.Х. Дулати, улица И. Сулейменова, 7а, 080000, Тараз, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2243-6804>;

Scopus Author ID: 57208207132;

E-mail: toty_r@mail.ru.

Бекежанов Даурен Нуржанович – автор для корреспонденции, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Жетысуского университета имени И. Жансугурова, улица И. Жансугурова, 187а, 040009, Талдықорған, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9858-841X>;

Scopus Author ID: 57197815938;

E-mail: bek_dauren@mail.ru.

Копбасарова Феруза Закировна – магистр права, старший преподаватель кафедры государственного и административного права Таразского университета имени М.Х. Дулати, улица И. Сулейменова, 7а, 080000, Тараз, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-6931-6515>;

Scopus Author ID: 57882130;

E-mail.ru: kopbasarova80@mail.ru.

Благодарности. Авторы выражают благодарность рецензентам за экспертное мнение и конструктивный подход.

Для цитирования. Рзабай А.И., Бекежанов Д.Н., Копбасарова Ф.З. Правовое обеспечение рационального использования мелиорированных земель // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. 2026;81(1): 109-118. DOI –

https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_109.

Вклад авторов:

Рзабай А.И. – провела анализ содержания статьи с оценкой текста, выявила сильные и слабые стороны введения, статьи.

Бекежанов Д.Н. – внес свой вклад в написание статьи, методы исследования, анализ информации, формирование результатов исследования.

Копбасарова Ф.З. – предложила рекомендации по формированию итогов исследования.

Информация о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Источник финансирования. Авторы заявляют об отсутствии финансирования при проведении исследования.

Статья поступила в редакцию: 02.02.2025; поступила после рецензирования: 30.06.2025; принята в печать: 31.03.2026.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи.

Information about authors:

Rzabay Aktoty Imangazykyzy – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of Taraz University named after M.Kh. Dulati, 7a, I. Suleimenov Street, 080000, Taraz, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2243-6804>;

Scopus Author ID: 57208207132;

E-mail: toty_r@mail.ru.

Bekezhanov Dauren Nurzhanovich – corresponding author for, Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of Zhetysu University named after I. Zhansugurov, 187a, I. Zhansugurov Street, 040009, Taldykorgan, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9858-841X>;

Scopus Author ID: 57197815938;

E-mail: bek_dauren@mail.ru.

Kopbassarova Feruza Zakirovna – master of Laws, Senior Lecturer of the Department of State and Administrative Law of Taraz University named after M.Kh. Dulati, 7a, I. Suleimenov Street, 080000, Taraz, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-6931-6515>;

Scopus Author ID: 57882130900;

E-mail.ru: kopbasarova80@mail.ru.

Acknowledgements. The authors would like to express their gratitude to the reviewers for their expert opinions and constructive feedback.

For citation: Rzabay A.I., Bekezhanov D.N., Kopbassarova F.Z. Legal support for the rational use of reclaimed lands // Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal. 2026;81(1): 109-118. DOI – https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_109.

Contribution of the authors:

Rzabay A.I. – conducted an analysis of the content of the article with an assessment of the text, identified the strengths and weaknesses of the introduction and the article.

Bekezhanov D.N. – contributed to the writing of the article. The use of research methods, information analysis, and the formation of research results.

Kopbassarova F.Z. – proposed recommendations for the formation of the research results.

Conflict of interest statement. The authors declares that there is no conflict of interest.

Funding. The authors received no specific funding for this work.

Received: 02.02.2025; revised: 30.06.2025; accepted for publication: 31.03.2026.

The authors has read and approved the final manuscript.